

in journalism and studied English Literature at Cambridge. While in college she published several short stories, an initial success that led her to secure an agent for the novel she was writing. She completed that first novel, *White Teeth*, while still at Cambridge and published it after graduation in 2000. *White Teeth* which tackles issues of race and the experience of immigrants in working class and middle class England, became an instant bestseller and won numerous literary prizes including the 2000 Whitbread Book Award and the Guardian First Book Award. In 2002, Smith published *The Autograph Man*, which follows the fortunes of a Jewish-Chinese purveyor of autographs. *The Autograph Man*, while successful, was far less so than Smith's debut. *On Beauty* (2005) was Smith's third novel, and once again focused on the immigrant experience, this time of a mixed-race British-American family living in the U.S. *On Beauty* won the 2006 Orange Prize for Fiction and was shortlisted for the 2005 Man Booker Prize. In 2009, Smith published *Changing My Mind*, a collection of previously published essays largely about writing and reading. Books by Zadie Smith: *White Teeth* (2000), *The Autograph Man* (2002), *On Beauty* (2005), *Changing My Mind* (2009).

10. John Updike. *Terrorist* (2006) is the most recent in the twenty-some novels John Updike has to his credit. His four *Rabbit* Angstrom novels were named in 2006 among the best novels of the past 25 years in a *New York Times* Book Review survey. John Updike's first book of poetry, *The Carpentered Hen and Other Tame Creatures*, was published in 1958, and his first novel, *The Poorhouse Fair*, was published in 1959. In 1960, Updike published *Rabbit Run*, the first of the "Rabbit" novels (*Rabbit Run*; *Rabbit Redux*; *Rabbit Is Rich*; *Rabbit At Rest*; and *Rabbit Remembered*). The book was an instant

success and established Updike's reputation as one of the most significant contemporary American novelists. In 1963, Updike received the National Book Award for *The Centaur*, and the following year he was elected to the National Institute of Arts and Letters, a post that got him invited on a State Department sponsored cultural exchange tour of Eastern Europe. In 1981, *Rabbit Is Rich* received the Pulitzer Prize for Fiction, and ten years later, Updike received a second Pulitzer for *Rabbit at Rest*. Updike was awarded both the National Medal of Art from President George Herbert Walker Bush in 1989 and the National Medal for the Humanities from George W. Bush in 2003. Updike wrote and published over 60 books, including novels and collections of short stories, poetry, and essays. *The Early Stories 1953-1975* was a large anthology of the author's short stories which won the 2004 PEN/Faulkner Award for Fiction, and in 2006 he was awarded the Rea Award for the Short Story. In 2006, Updike published *Terrorist* and in 2008, *The Widows of Eastwick*.

As we have already mentioned, literature is a life, it never stops, it breathes, increases. Nowadays English language is a global one, everyone is eager to learn, to know, to master it, because especially English language helps to open many doors ahead. Certainly, it is a vital, key language. We expect much from contemporary British literature. These days reader knows a lot and he feels like knowing more and more. I think, contemporary British literature quite coincides his requirements.

\* \* \*

Мақала қазіргі Ұлыбритания жазушыларының шығармашылығына арналған.

\* \* \*

Статья посвящена работам современных английских писателей.

*Д. С. Ибраева*

## ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Көркем шығармадағы қаламгердің қоршаған ортаға, айналадағы дүниеге, қоғамға көзқарасы, оның эстетикалық идеалы, белгілі бір қоғамдық құбылысқа, тарихи оқиғаларға берген бағасы оның дүниетанымынан хабар береді. Ақын дүниетанымы оның өз шығармасынан көрініс тауып отыратын, жасаған өнер туындысының табысты, жемісті болуына үлкен әсерін тигі-

зетін маңызды факторлардың бірі. Көркем шығармада көтерілген тақырыптың өзектілігі, сондылығы, ондағы айтылған ойдың маңыздылығы жазушы дүниетанымының қаншалықты деңгейде екенін аңғартады.

«Ақын, - дейді Белинский, - ең алдымен адам, одан кейін өз ұлтының азаматы, өз заманының ұлы. Халқы мен заманының рухы

оған басқалардан аз әсер етуі мүмкін емес. Сонымен қатар, ақын – адам танымында елеулі рөл атқаратын әдеби қайраткер» - деп ақын орнының маңызын айқындап береді. [1.42]

Жазушы дүниетанымы – оның сенетін дүниесі ғана емес, сонымен қатар шындық өмірге терең көз жіберу арқылы шығармашылығына әсерін тигізетін құралдың бірі.

Қаламгер алдына қойған мақсат – міндеттерін абыроймен атқарып шығуы үшін ең алдымен өзін-өзі тәрбиелей алуы тиіс. Осы жолда оған бірден-бір көмекке келетін адамзаттың, мәдениеттің алдыңғы қатарлы озық жетістіктері, ең алдымен өз ұлтының мәдениеті. Әр жазушы өз ұлтының төл баласы. Оның шығармашылық қызметінің өн-бойында оның ұлтына деген сүйіспеншілігі жанданып, нығаюмен болады. Міне, жазушының қоғамдық қасиеттерінің бірі – оның ұлтымен тығыз байланыстылығы, Отанға деген сүйіспеншілігін де алға тартуымыз да сондықтан.

Жазушы жастайынан өз жерінің, туған өлкесінің тарихымен, бай ауыз әдебиетімен сусындап өседі. Ерте жастан-ақ өз халқына ғана тән психологиялық қасиеттерді бойына сіңіріп, елінің тұрмыс-тіршілігімен етене таныс болады. Бала кезден естіген аңыз-ертегілер мен басқа да фольклорлық шығармалар арқылы туған тілінің өткір де, үшқыр жақтарынан хабардар болады. «Отан, - дейді Асеев, - өз тіліне, тарихына деген махаббаттан бастау алады» [2.38].

Отансүйгіштік жазушының бүткіл болмысымен тығыз байланысты болып, оның туындыларынан да көрініс тауып отырады. Жазушы өз елін, әлемді айқын, дәл суреттеуі үшін іздене бастайды, өзіне жұмбақ болған сұрақтарға жауап іздей бастайды, айналасын анығырақ танып-түсінуге ұмтылады. Осы жолда қоғамдық күрестерге белсене қатысып, халықпен етене танысып, тіпті алыс сапарларға да шығады. Өз еліне деген мызғымас берік сүйіспеншілігі жазушының шығармашылық міндет-мақсаттарын айқындап, алға сүйрететін, жаңа жетістіктерге жетелейтін құралының бірі.

Белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, одан бөлек, қоғам істерінен алшақ жүруге алмайсыз. Өнер халыққа тиесілі, өнер арқылы халықтың ойы, мақсат-мүддесі, сезімі бірігеді. Сөз зергері өмірдің терең иірімдеріне бойламай, өз ісінің шебері бола алмайды.

Жазушы дүниетанымында оның адамзатқа, халыққа, қоғамға олардың өткені мен қазіргі жай-күйіне деген көзқарасы орын табады.

Гончаровтың айтуынша: «Менің өз ойымда пісіп-жетілмеген, мен көрмеген, мен тексермеген, мен сезінбеген нәрселер – менің қаламымның да қарымы жетпейтін, тосын нәрселер! Менің туған елім, достарым, туыстарым, өз естеліктерім мен пікірлерім барындай, өз жи-ған-тергенім, өз танымым бар, - мен тек өзім сезініп, түйсінген, толғанған, өзім жақын тартқан, сүйген нәрселерімді ғана қағазға түсіремін» дейді. [3.36]

Әрине дүниетаным бұл қатып қалған мызғымас сенімдер мен түсініктер жиынтығы десек қателескен болар едік. Қоғам дамуы, адамдар санасының жаңғыруы, айнала қоршаған ортадағы өзгерістер адам дүниетанымын өзгертіп те жатады. Мәселен, біз көшпелілер ұрпағы бола тұрып, өз дүниетанымымызды бізден бірнеше ғасырлар бұрын өмір сүрген ата-бабамыздың дүниетанымындай деп айта алмаймыз. Өйткені қоғамдық формациялардың ауысуы, ғылым мен техниканың дамуы т.б жағдайлар біздің ұрпақтың санасына әсер етіп, дүниетанымымызды өзгертіп жатады. Біз қазір бұрынғы ата-бабаларымыз салып кеткен салт-жоралғыларды дәл солай қалпында ұстап келеміз деп айта алмаймыз.

Ал қазіргі қаламгер ол біздің заманның, біз өмір сүріп отырған дәуірдің өкілі. Сондықтан да ол менің (оқырман десек те болады) қалауымды ескеріп жазбасқа амалы жоқ. Оның үстіне бір дәуірде өмір сүргендіктен біз бір дүниетанымның адамдарымыз.

Мәселен, өткен замандағы, Алтын орда ыдыраса да әлі жауынгерлік рухтан айырыла қоймаған жыраулар поэзиясына ұлттық дүниетаным тұрғысынан барлау жасап көрейік. Осы орайда жыраулар поэзиясынан ұлттық дүниетаным мәселелерін айқын аңғаруымызға болады.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері Асан Қайғы, Бұқар, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған жыраулар мұрасын әдебиетіміздің алғашқы төл мұрасы, асыл қазынасы деп таныдық. Біздің заманға жеткен жыраулар шығармашылығынан сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды, бүліншілік, қазақтардың алыса жүріп, көтеріле көшіп, тәуелсіз ту көтерген қилы кезеңдерін, сол елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасын айқын танымыз. Елге тірек, ұйытқы болып, ер-азамат, хан-сұлтанға ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық негізі мен көркемдік биігін де айқындап кетті.

Өзіміз әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған Асан Қайғы өз заманының үлкен

ойшылы, Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі, көптеген нақыл сөздердің, философиялық ой-толғамдардың авторы екендігінен де хабарымыз мол. Данышпан жырау қазақ елінің бірлігі мен егемендігін аңсап, ел іргесінің берік, ағайын арасындағы бірліктің күшті болуына үндеп, сол тақырыпқа көптеген шығармаларын арнаған.

Ой-толғауларында ханға ақыл-кеңес беріп, түзу жол көрсетіп отырғанын аңғару қиын емес.

..Нәлет біздің жүріске,  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайларсың,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың,  
Алтын менен күміске!.. [4.25]

деп ханға ақыл-кеңес беріп, жөн сілтесе, енді бірде сөзіне құлақ аспаған ханға наласын да айтып қалады:

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшір,  
Мұны неге білмейсің!!  
...Ай, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы, қилы заман болмай ма?  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма!?  
Мұны неге білмейсің!!  
Хош-аман бол, Жәнібек,  
Енді мені көрмейсің!

Сахара эпосын тудырушылардың бірі – ірі эпик, ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы, әрі нәзік лирик болған Қазтуған өз артына өмір туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол мұра қалдырды. Қазтуғанның біздің дәуірімізге жеткен жырлары табиғат аясындағы көшпендінің болмыс, тіршілік, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді.

Алаң да алаң, алаң жұрт  
Ағала ордам қонған жұрт,  
Атамыз біздің бү Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт,  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт... [4.32]

Жырау шығармалары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларда жырау өзінің замана жайында түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды. Жаугершілік заманда жорықтарға қатысып отырған, кейде, тіпті, батыр, қолбасы да болған жыраулар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызған. Олардың жырларында қазіргі ақындарда жиі көрініс беретін нәзік лиризм, нәзіктік деген ұғымдарды мүлдем

кездестірмейміз, керек десеңіз, махаббат лирикасының өзі жыраулар поэзиясынан орын ала алмаған. Мұның сырын сол орта ғасырлардағы көшпелілердің отбасылық жағдайын, әйелге деген қарым-қатынастарын, көзқарастарын зерттей отырып дәлелдеуге болады.

Жыраулар поэзиясының дамып, өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз жырлары да айрықша әсер етті. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің асқақ рухы, өмірлік мұраты сезіледі.

Шалкиіз жырау өзінің ұзақ өмірінде Дәшті-Қыпшақтың төрт бұрышын түгел аралап, заманының бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген жырау өмірін күрес үстінде өткізеді.

Қоғалы көлдер, қом сулар  
Кімдерге қоныс болмаған,  
Саздауға біткен қара ағаш  
Кімдерге сайғақ болмаған,  
Жағына жалаң жібек байлаған  
Арулар кімнен қалмаған.  
Жағы түкті жылқы айуан  
Иесін қайда жаяу салмаған... [4.48]

деп толғаған жырау туындылары аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігімен, аса серпімді қуатымен ерекшеленеді.

Орта ғасырлардағы қазақ поэзиясында жыраулар жетекші рөл атқарды.

Сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктері көп еді. Кең даладағы көшпенді тірлік, тұрмыстық-қоғамдық өзгешелік сөз өнерінің соны сипатта қалыптасуына себеп болды. Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия әлденеше ғасыр бойы қазақ әдебиетінің жай ғана көшбасшысы емес, ең басты жанры қызметін атқарды.

Хан-сұлтандардың ақылшы, биі болып, кеңес беріп, өз өлең-толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттігін насихаттап, елдің болашағын ойлайды. Біздің заманымызға жеткен Асан толғауларының өзінде оның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті, Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғандығы көрінеді.

Шығармаларында әлем, болмыс, тіршілікте, табиғатта жүріп жатқан өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін де білдіреді. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер жырау поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас.

Жырау дүниеде мәңгі, тұрақты ештеңе жоқ

деп біледі. Әлем бір қалыпта тұрмайды. Сол сияқты, адам да тіршілікте басынан талай қилы кезеңдерді өткереді. Басы жұмыр пенденің бәрі өз жолын өліммен аяқтамақ. Алайда жыраулар өмірдің өтпелілігін табиғат заңы деп біледі, діндар сопылыққа ұрынбайды. Ислам дінінің қағидаларын жақсы білгенімен де, ата-баба дінін жоғары тұтқан сияқты, Алла атынан гөрі тәңірі атына көбірек ден қояды. Олардың пайымдауынша, адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орнында емес, жеке басының жақсылы, жаманды сыпатында. Досқа адал, дұшпанға айбар, ағайын жұртқа мейрлі, туған елге қайыры тиер жігіт қана азамат аталуға тиіс. Адам үшін ең қымбат нәрсе – Отаны. Жыраулар өнернамасынан ерлік рухқа, асқақ романтикаға толы жырлар да өзекті орын алады. Жорықшы жырау ғана емес, батыр жауынгер болған кейбір жыраулардың шығармаларының дені дабылды ұрыс күндерінде туғанға ұқсайды. Жырау аламандарды дұшпаннан именбеуге, қанды ұрысқа тайсалмай кіруге шақырады, ерлікке үндейді. Мұндай мазмұндас толғаулар қазақ жорықшы жырауларының ақындық келбетін мейлінше айқын сипаттайды.

Жыраулар қазақ поэзиясын көркемдеу тәсілдері, өлең өрнегі саласында да айрықшы байытты. Жыраулар мұрасынан көрініс тапқан: өлеңнің дыбыстық құрылымына ерекше мән беру, әдепкі ұйқаспен қатар ішкі ұйқасқа да ден қою, кейде басқы ұйқасты ғана қолдану сияқты әдістер кездеседі.

Жыраулар шығармаларында өздері өмір сүріп отырған қилы заман келбеті айқын су-

реттеледі. Хан-сұлтандардың, ірі-феодалдардың әр жүзде, тіпті кейде, жекелеген руларда өз билігін жүргізбек болған, ұлттық мүддеге қайшы, билікқұмар саясаты, руаралық тартыстың күшеюі, заманның өзгеруіне байланысты адамдардың санасындағы құбылыстар – міне, осының бәрі де белгілі мөлшерде шығармаларда көрініс тапты.

Жыраулар қиялының байлығы, суреттеу тәсілдерінің кемелдігі мен әсемдігі көне дәуірдегі қазақ поэзиясының биік өресін, өзіндік сыпатын танытады. Ұлттық бояуы қанық, афоризмдерге, көркем тіркестерге бай, өр рухты толғаулары туған әдебиетіміздің таңдаулы үлгілері қатарына жатады.

1. Белинский В.Г. Статье о народной поэзии. – Собр. соч. в 9 т. – т.1. – М; 2009.

2. Цит: А.Г.Цейтлин. Труд писателя: Вопросы психологии творчества, культуры и техники писательского труда. Второе издание. Советский писатель, Москва, 1968.

3. Цит: П.Н.Медведев. В лаборатории писателя. Советский писатель, Ленинградское отделение, 1971.

4. Бес ғасыр жырлайды: 15ғ мен 20ғ бас кезіндегі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 томдық. / Жыраулар шығармашылығы. М.Байділдаев – Алматы: Жазушы, 1984- Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты/.

5. З.Ахметов. Поэзия шыңы – даналық: Зерттеу. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

\*\*\*

Статья посвящена изучению проблемы поэтического воплощения национального мировоззрения в творчестве жырау, рассмотрены художественные средства и поэтика жанра.

\*\*\*

Article is devoted studying of a problem in poetic embodiment of national outlook in creativity ghyrau, art means and genre poetics are considered.

*Н. Т. Какишева*

## АВТОБИОГРАФИЗМ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ПРОЗЫ Д.Ф. СНЕГИНА

Вл. Владимиров, один из исследователей творчества Дмитрия Федоровича Снегина, дал лаконичное и в то же время метафорически емкое определение сути его гражданской и писательской позиции: «Ратный путь Снегина, равно как и литературный, - незауряден. Жизненная эмпирика его военных [и предвоенных] лет - богатейшая. Нравственно-философское, писательское ее осмысление – классическое» [1, 144]. Действительно, Снегин, проживший долгую и творчески активную жизнь, – личность

неординарная и героическая, после войны сознательно стал летописцем суровых будней и ратных подвигов казахстанцев-воинов гвардейской Панфиловской дивизии, написав повести «На дальних подступах», «Парламентер выходит из рейхстага», «Ожидание», «В те дни и всегда», рассказы «На исповеди» и «Расстрел порученца», повесть-новеллу «Странные сближения вокруг Михайловского» и др. И, хотя Д.Ф. Снегин никогда не называл свою художественную прозу автобиографической, надо